

# АРМЫСЫҢ, ӘЗ-НАУРЫЗ!

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫҢ БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

# Ясауи университеті

университет студенттерінің үні

№ 05 (499) 22 наурыз 2021 жыл



## Ұлыстың Ұлы күні-Наурыз мерекесі құтты болсын!

### БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

#### СТУДЕНТТЕРІМІЗ ЖЕТИСТІКKE ЖЕТІП ЖАТСА, БІЗ ҮШІН ОДАН АРТЫҚ БАҚЫТ ЖОҚ

Қазіргі жастарымыздың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре білуіміз керек. Өзіміздің ұлттық әдет-ғұрыптарымыз бен салт-дәстүрімізді жастардың бойына сіңіре білуіміз керек. Батысқа еліктей бермей, қазақи құндылықтарымызды сақтасақ, болашақта білімді, саналы ұрпақты көре аламыз деген ойдамын.

2 БЕТTE

#### ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІН ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫ ҚАЛАЙ Тойлайды?

Мереке келуден бұрын үлкен дайындыққа кіріседі. Бұрынғыдай бұлақтың көзін ашып «бұлақ майлы болсын, қоныс жайлы болсын» деп, бастаудың көзіне май тамыз-баса да, наурыз мерекесін рухани мәдениетті дамытудың ұлттық рухты серпіндірудің тамаша сәтіне айналдырады.

5 БЕТTE

#### ҰЛЫС ОҢ БОЛСЫН! АҚ МОЛ БОЛСЫН!

Наурыз шығыс елдері үшін — бірліктің, татулық-еңбектің, көктемнің, ізгіліктің, бақыттың мерекесі ретінде тойланған. Сондықтан да болар, бұл күні шаттанбайтын, қуанбайтын, мейірленбейтін адам болмаған. Наурызда жақсы тілек тілеу, құттықтау, кешірім жасау, табысу сияқты адамгершілік қасиеттер көрініс тауып, кейінгі ұрпақтар жақсы өнегеден үлгі алған.

Наурыздың айрықша тәлім-тәрбиелік, үлгі-өнегелік, сән-салтанаттың, мәрт-жомарттық, қадір-қасиеттілік нышан белгілері тән таным-ұғымдарының үлгі-түрлері өте көп.

8 БЕТTE



#### Құрметті университет ұжымы, ҚЫМБАТТЫ СТУДЕНТТЕР!

Сіздерді, Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамымен құттықтаймын. Халқымыз үшін Наурыз – жылдың басы. Елімізде Наурыз мерекесі достық, еңбек, бейбітшіліктің нышаны.

Тарихи тамыры тереңге бойлаған өз-Наурыз дана халқымызда қай кезде де еңсесі биік елдіктің іргесі сөгілмес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мерекесі болып келген. Қазақстан халқы үшін Наурыз мейрамы – көктем мен жаңаруды айшықтайтын мерейі тасыған ұлы мереке. Наурыз – көктемгі жаңарудың, ақ пейіл мен татулықтың мерекесі. Ол – өткенді саралап, болашағымызды болжайтын ерекше кезең.

Ақ ниетпен өткенге салауат айтып, ақ тілекпен жаңа Наурызды қарсы алайық! Отанымызға – береке, халқымызға – игілік, мемлекетімізге – молшылық, ал әр шаңыраққа бақыт пен шаттық тілейміз.

Еліміздің тәуелсіздігімен құрдас оқу ордамызға биыл 30 жыл толып отыр. Университетіміз жылдан-жылға әлемдік білім беру кеңістігіндегі өз мәртебесін айқындауда. Шығыс халықтарына ортақ осынау айтулы мерекеді алдымен бірлігіміз нығая берсін деп тілеймін!

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі баршамызға құтты болсын, бақыт әкелсін!

Жанар ТЕМІРБЕКОВА,  
университет ректоры

## УНИВЕРСИТЕТКЕ ЖАҢА РЕКТОР ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры қызметіне Темірбекова Жанар Амангелдіқызы тағайындалды. Жанар Амангелдіқызын университет ұжымына Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Каримова Шолпан Таңатқызы таныстырды.



Аталған жиынға Түркістан облысы әкімінің білім саласына жауапты орынбасары Қалқаманов Сәкен Амангелдіұлы, университетіміздің 1-ші вице-президенті (ректор өкілі) Женгиз Томар мен университеттің сенат мүшелері қатысты.

Университет ректоры Жанар Амангелдіқызы өз сөзін ұлы баба Ахмет Ясауидің хикметінен бастай отырып, өзіне жүктелген жаңа қызметтің жауапкершілігін терең сезінетінін жеткізді.

Ендігі жерде Елбасымыздың бастамасымен ашылған Халықаралық университеттің ең негізгі міндеті — қазақ елі мен бүкіл түркі әлеміне қызмет ететін білімді, салауатты, отансүйгіш,

әрі жаңа ғасыр талаптарына сай мамандарды даярлау екендігіне тоқталды. Сонымен қатар, бабамыздың атымен аталатын білім ордасының қызметкері ретінде қазақ ұлтының рухын жаңғыртуды, Қазақстан деп аталатын Отанымызды дамытуды және университет атын асқақтатуды «негізгі міндетім» деп санайтындығын жеткізді. «Мәдениет пен өркениеттің негізі болып табылатын бұл университет тәуелсіз елдің мәңгі болашағын қазірден бастап қалыптастырушы білім ошағы. Қоғамға үлгі болатын қасиетті мекен. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Халық үніне құлақ асатын үкімет» тұжырымдамасын қабылдаған еді. Мен де өз кезегімде осы тұжырымдамадан шабыт алып, «Халық үніне құлақ асатын университет» концепциясын бірге қалыптастыруды ұсынатын боламын», - деп ойын түйіндеді.

Темірбекова Жанар Амангелдіқызы Түркияның алдыңғы қатарлы Хаджеттепе университетінің Инженерлік факультетін бітіріп, аталмыш оқу орнының «менеджмент» мамандығы бойынша магистратура бағдарламасында білім алған.

Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аспирантурасында оқып, сол жерде кандидаттық диссертациясын қорғаған. Экономика ғылымдарының кандидаты.

Жанар Амангелдіқызы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Анкара қаласындағы Өкілетті Кеңес басқармасында, ТҮРКСОЙ сынды халықаралық ұйымдарда еңбек еткен.

Алматы қаласындағы КИМЭП, ҚБТУ және СДУ сынды бірнеше маңызды оқу орындарында студенттерге сабақ берумен қатар, Еуразия технологиялық университетінің ректоры, Алматы Менеджмент университеті президентінің кеңесшісі қызметін атқарған.

– Н.Назарбаев қорының Ғылым және техника саласындағы сыйлықтың лауреаты (2012 ж);

– БҒМ «ЖОО-ның үздік оқытушысы» грантының иегері (2013 ж);

– Халықаралық ғылыми журналдарда жарық көрген ғылыми мақалалардың, жалпы 40-тан астам ғылыми еңбектер мен бірнеше монографияның авторы.

H indeksi: 5; i10:2, Сілтемелер индексі : 235;

– The International Journal of Entrepreneurship and Innovation; African Journal of Business and Management; Gaziantep University Journal of Social Sciences халықаралық академиялық журналдарында рефері;

– Нұрсұлтан Назарбаев Қоры Ғылым кеңесінің мүшесі;

– АҚШ-тағы Халықаралық Көшбасшылық Ұйымының мүшесі;

– Халықаралық аналитикалық орталық Тиллотомы қорының құрметті мүшесі (Science and Education Policy Group).

Қазақ тілі – ана тілі.

Сонымен қатар, орыс, түрік, ағылшын тілдерін еркін меңгерген.

## УНИВЕРСИТЕТІМІЗГЕ - 30 ЖЫЛ!

## Забираш ӘШІМХАНҚЫЗЫ:

## «СТУДЕНТТЕРІМІЗ ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТІП ЖАТСА, БІЗ ҮШІН ОДАН АРТЫҚ БАҚЫТ ЖОҚ»

Биылғы жылы оқу ордамыздың бой көтергеніне 30 жыл толып отыр. Университет ашылған сәттен бастап, күні бүгінге дейін қызмет атқарып, білімгер тәрбиелеу ісіне өз үлесін қосып жүрген ұстаздарымыздың бірі, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Забираш Әділбековамен сұхбаттасудың сәті түскен еді. Назарларыңызға ұсынамыз!

**– Биылғы жылы университетіміздің ашылғанына 30 жыл толып отыр. Оқу ордамыз ашылған күннен бастап жұмыс жасап келесіз. Естеліктермен бөліссеніз?**

– 1992 жылы университетке тарих кафедрасына аға лаборант болып жұмысқа қабылдандым. Кейіннен оқытушы, аға оқытушы, қауымдастырылған профессор дәрежесіне жеттім. 30 жылға жуық осы оқу ордамында қызмет атқарып келемін. Қаншама шәкірттерге білім бердім. Университетіміз әлемге танылып келеді.

Алғашқы жылдары жақсы жетістіктермен бірге қиындықтар да болды. Өйткені Түркістанда шағын қалада университет ашылған кезеңде бізде оқу корпусы жетіспеді. Жылу болмады, жарық та жиі сөнетін. Осындай қиындықтарға қарамай, келген ғалымдар аянбай еңбек етіп, университеттің дамуы-



на өз үлестерін қосты. Университеттің тұңғыш ректоры М. Жұрыновтың орны ерекше. Алғашқы жылдары жан-жақтан белді ғалымдар шақырылған еді. Тарих мамандығы студенттеріне тарих ғылымдарының докторы, профессор Уахит Хамзаұлы Шәлекенов лекциялар оқыды. Оқу ордамыздың аяқтан тік тұруы жолында қаншама ғалымдарымыз жұмыстар атқарды.

**– Биыл 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің 35 жылдығы Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Желтоқсан оқиғасына куәгер ретінде өткенге шолу жасасаңыз? Жалпы желтоқсан оқиғасына қандай баға берер едіңіз?**

– 1986 жылы Желтоқсан оқиғасы кезінде мен Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінің тарих факультетінің 3-курс студенті едім. Өзімізбен қатар оқып жүрген қаншама студенттер алаңға барғаны үшін жауапқа тартылып, қудаланып, оқудан да шығарылды. Желтоқсан оқиғасын өз көзіммен көрген куәгер ретінде айтарым, кейіннен оқудан шығып қалған бірқатар студенттер қайтадан білімдерін жалғастырып, дипломдарын алды. Сол кездегі замандастарым бойында патриоттық сезімі алаулаған жастар еді. Олардың бойында Отанға, елге, туған жерге деген сүйіспеншілігі жоғары деңгейде болғандығын айта аламын. Желтоқсан оқиғасына биыл 35 жыл толып отыр. Желтоқсан оқиғасы әлі де көп зерттеуді қажет етеді. Білімгерлерге тапсырма беру арқылы осы тақырыпты әлі де аша түсуге тиіспіз. Желтоқсанға тарихи тұрғыдан баға берілу керек.

**– Тарихты білмей түбінді білмейсің, тегінді танымайсың деген сөз бар. Біз сізді тарих саласында өзіндік орны бар ғалым ретінде танимыз. Еліміздің ғылым саласының бүгінгі беталысы жөнінде не айтар едіңіз?**

– Біздің университетіміз ел тәуелсіздігімен төл құрдас республикадағы ең ірі оқу ордасының бірі. Университет туралы айтқанда айта кететін бір жайт бар. Қазақ Ұлттық университетінде студент болған кезімде дәріс берген ұстаздарым жылы орындарын тастап, Түркістанға келді. Осы университетке келіп, жұмыстарын жалғастырды. Студенттерді білім нәрімен сусындатуға үлес қосқан ғалымдар т.ғ.д. профессор Мадияр Елеуов, т.ғ.д. профессор Сейден Жолдасбаев сынды ғалымдармен бірге бір факультетте жұмыс жасағанымды мақтанышпен

айта аламын. Осы кісілердің қажырлы еңбегінің арқасында Түркістан қаласы маңында көптеген зерттеулер жүргізілді. Қазіргі кезде тарих ғылымы саласы көптеген жетістікке жетуде. Президентіміз Қ.Тоқаев еліміздің тарихын шынайы тұрғыда оқыту үшін тарихшылардың алдына жаңа міндеттер қойды. Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевтың бастама-сымен «Болашақ» бағдарламасы бойынша 13000-нан астам жастар білім алып келген болса, солар Қазақстанның болашағы үшін аянбай қызмет атқара алады деген сенімдемін.

**– Білікті маман, ардақты ұстаз ретінде қазақ қыздарының бойынан қандай қасиеттерді көргіңіз келеді?**

– «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүргізіліп жатқан жұмыстар өте көп. Қазіргі жастарымыздың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре білуіміз керек. Өзіміздің ұлттық әдет-ғұрыптарымыз бен салт-дәстүрімізді жастар біліп, сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыруы керек. Батысқа еліктей бермей, қазақи құндылықтарымызды сақтасақ, болашақта білімді, саналы, тәрбиелі ұрпақты көре аламыз деген ойдымын.

**– Мақтан тұтатын шәкірттеріңіз бар ма? Кімдерді айтар едіңіз?**

– 30 жылға жуық мерзімде қаншама түлектер бітіріп шықты, олар еліміз үшін еңбек етіп келеді. Тіптен осы университеттің өзінде ғылым жолында жетістікке жеткен қаншама түлектермен ұстаздық қызметте қатар келе жатырмыз.

Тарих кафедрасына қарасты Қазақстан тарихы пәні барлық факультеттерде оқытылатыны белгілі. Ауыз толтырып айтарлық шәкірттер көп. Солардың ішінде айтыстың ақтаңгері Бекарыс Шойбеков, философия ғылымдарының докторы Досай Кенжетай сияқты шәкірттерімізді ерекше атап өткім келеді. Осындай шәкірттерімізді мақтан тұтамыз. «Ұстаздан шәкірт озар» дегендей білім берген студенттеріміз жетістікке жетіп жатса, біз үшін одан артық бақыт жоқ.

**– Сіздің кезіңіздегі студенттер мен қазіргі студенттерді салыстыра аласыз ба?**

– Қазір егемендік алып, тәуелсіздікке қол жеткізгенімізге 30 жыл толды. Біз оқыған кезде КСРО-ның құрамындағы ел болдық. Студент кезіміз Желтоқсан көтерілісіне тұспа-тұс келді. Білімге құштар болдық. Курс жұмыстарын, дипломдық зерттеу жұмыстарын жазар кезде Пушкин кітапханасына кіру үшін кезекке тұратынымыз есіме түседі. Ол кездің студенттерінде ұялы телефон болған жоқ. Қазір ақпараттың дамуы заманы. Оқулықтардың электронды нұсқасын тез табуға болады. Патриоттық сезімі алаулаған, еліміз деп ту ұстайтын жастарымыз қазір де баршылық. Ұлтын сүйген ұлы даланың ұрпақтарына деген сенімім мол.

**– Пандемияның кесірінен оқу жүйесі онлайн форматқа көшкеніне де бір жылдан асып барады. Осы жүйе сіздерге қалай әсер етуде?**

– Әлемде болып жатқан Ковид-19 пандемиясы бізді де айналып өткен жоқ. Жоғары оқу орындарындағы сабақтар онлайн жүйеге көшті. Оның пайдалы жағы да бар. Алайда қиындық тудыратын тұстары да жетерлік. Апта сайын 90-100 студенттің тапсырмасын тексеру, бағалау, енгізу т.б. Бір күнде 4-5 дәрістер болатындықтан монитордың алдында ұзақ отыру студенттерге де, бізге де қиындықтар тудырды. Біздің университетте онлайн дәрістерді өткізуге байланысты семинар-тренингтер өткізілді. Түсіндірме жұмыстары жасалды. Біз онлайн жүйенің тиімді жақтарын меңгеріп алдық.

**– Мереке қарсаңында университет ұжымына, газетіміздің оқырмандарына айтар тілегіңіз?**

Ел Тәуелсіздігінің, университетіміздің 30 жылдық мерейтойлары құтты болсын! Еліміз аман-жұртымыз тыныш болсын! Мақтан ететін шәкірттеріміз көп болсын! Наурыз мейрамы құтты болсын!

**– Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңізге рахмет!**

Сұхбаттасқан: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

## АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

Университетімізде «Тәуелсіздік тарландары атты» дөңгелек үстел өтті. Шараны «Рухани жаңғыру» ғылыми-тәжірибелік орталығы мен «Журналистика» кафедрасы ұйымдастырды. Жиынға Түркістан облысының БАҚ өкілдері, университет басшылығы, журналист-ғалымдар, студенттер қатысты. Университет ректоры Ж.Темірбекова кіріспе сөз сөйлеп, болашақ журналистерге сәттілік тіледі. Жас тілшілерді шығармашылық ізденістерін шыңдауға жігерлендіріп, болашақта Қазақстан журналистикасының дамуына серпін беретініне сенім білдірді. Журналистер одағы Түркістан облысы филиалының төрағасы Ғалымжан Елшібай журналист Б.Құранбек атындағы бір реттік шәкіртің журналистика мамандығының үздік студенттері Гүлжан Ниязова, Сандуғаш Бектұрова, Бекзат Елмырзаға тапсырды.

\*\*\*

2020 жылдың қорытындысы бойынша Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқытушылары Қазақстан Республикасы ЖОО-ның Үздік оқытушыларының қатарына енді.

Білім және ғылым министрлігінде өткен салтанатты шарада 150 үздік оқытушылардың ішінен алғашқы 20 үздік оқытушыны ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Қанатұлы арнайы марапаттады. Оның ішінде оқу ордамыздың Жаратылыстану факультеті, Биология кафедрасының оқытушысы техн.ғ.к, доцент Аймбетова Индира бар.

Айта кетейік аталған байқауда университетіміздің 4 бірдей оқытушысы жоғары нәтижеге қол жеткізіп, Қазақстан Республикасы ЖОО-ның Үздік оқытушысы атанды. Олар Филология факультеті, Қазақ филологиясы кафедрасының оқытушысы, PhD Ергөбекова Жанат, Филология факультеті, Әлем тілдері кафедрасының оқытушысы п.ғ.д., профессор Еркибаева Гүлфайруз, Жаратылыстану факультеті, Математика кафедрасының оқытушысы PhD, қауымдастырылған пр.м.а. Раманкулов Шерзод.

\*\*\*

Оқу ордамызда Қазақ радиосының 100 жылдығына орай «Рухани жаңғыру» ғылыми-тәжірибелік орталығы мен Журналистика кафедрасының ұйымдастыруымен «ҚАЗАҚ РАДИОСЫ - ҒАСЫР ЖАРШЫСЫ» атты дөңгелек үстел өтті.

Шараға ХҚТУ ректоры Жанар Амангелдіқызы, «Қазақ радиолары» ЖШС-нің ресми өкілі Бақыт Жағыпарұлы, Қазақ радиосының Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша меншікті тілшісі Ерсултан Әмірбек, радиожурналист, ақын, ХҚТУ докторанты – Серік Сейітман, Ермахан Шайхы, Жандос Жұмабек сынды елімізге танымал журналистер қатысты.

Шара аясында Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, «ҚАЗАҚ РАДИОЛАРЫ» ЖШС-нің ресми өкілі Бақыт Жағыпарұлымен екі жақты әріптестікті дамыту мақсатында меморандум түзілді. Сондай-ақ, оқу ордамыздың студенттері үшін «Қазақ радиолары» дәріс кабинетінің лентасын қию рәсімі өтті. Жиын соңында радио саласының майталмандары студенттерге шеберлік сағатын өткізді.

\*\*\*

Университетімізге QS компаниясының аймақтық директоры Сергей Христовлюбов келді. Алдымен Сергей Владимировичті оқу орда ректоры Жанар Амангелдіқызы қабылдап, білім ордасының даму бағыттарын баяндады. Сонымен қатар университетіміздің 1-вице президенті, (ректор өкілі) Женгиз Томар білім ордасының әлемдік QS рейтингіне енуі, Ұлттық институционалдық рейтингте университеттің деңгейін одан әрі жоғарылату бойынша алдағы уақытта бірлесіп жасалатын жұмыстар бағытын сөз етті.

Сонымен қатар кездесу оқу орда басшылары, декандар және оқытушылармен жалғасты. Жиын барысында академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице-президент Шолпан Алтынбекқызы университет трансформациясындағы тұрақтану бағдарламасы мен даму стратегиясын таныстырды.



# Студенттер беті

## АУДИТОРИЯ

**Ғаппас Сүйінбаев:**

### «МӘСКЕУЛІКТЕРДІ ҚАЗАҚТЫҢ МӘДЕНИЕТІМЕН ТАНЫСТЫРДЫҚ»

Жас әрі білікті мемлекет қызметкері - Сүйінбаев Ғаппас Маратұлының өмір, білім жолындағы қызықтары жайында сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.

- Сіз Ақтөбе қаласындағы Жайсан деген ауылда туып өстіңіз. Ал 2016 жылдан бері Нұр-Сұлтан қаласында тұрып жатырсыз. Елордаға қандай себеппен көштіңіз? Туып-өскен ауылыңызға жиі барып тұрасыз ба? Ауылға барған кезіңізде қандай сезімде боласыз?

- Менің Нұр-Сұлтан қаласына (сол уақытта атауы Астана болған еді) көшкен себепім, көптеген жастар сияқты жұмыс іздеп және өзімді табу болды. Өкінішке орай туып-өскен жеріме жиі баруға мүмкіндік болмайды. Бірақ жылына бір-екі аптаға баруды міндет қойып жүремін. Себебі ата-анамды және туысқандарымды сағынамын. Туған жерге барған кезде әрине өзіңді басқаша сезінесің. Бойыңа күш-қуат алғандай керемет сезімде боласың.

- Өзіңіздің білім алған жолдарыңыз туралы айтып берсеңіз. Қай оқу орынында білім алдыңыз? Қандай мамандықта оқыдыңыз?

- Мен 2004 жылы Ақтөбе қаласының кооперативтік колледжіне «Компьютерлік технологиялар мен автоматтандырылған жүйелерге арналған бағдарламалық қамтамасыздандыру» («Программное обеспечение вычислительной техники и автоматизированных систем») мамандығына түсіп, техник-программист мамандығын меңгердім. Колледждің 3-4 курсынан бастап, осы салада жұмыс атқара бастадым.

- 16 жасар бала Ғаппас кішкене ауылдан үлкен қалаға келуге қорықпады ма? Колледжді тәмәмдағаннан соң Мәскеу қаласына оқуды жалғастыруға не итермеледі? Бұндай нақты қадам жасауға не себепші болды?

- Қорқыныш әрине болды. Үлкен қала, жаңа адамдар, бірақ қасымда аға-әпкелерім болды. Менен барлық көмектерін аяманғандарына әлі күнге дейін алғысым шексіз. «Ағасы бардың жағасы бар» деп бекер айтылмағандығына көзім жетті.

Колледжді өзім таңдап, барлық құжаттарымды өзім тапсырдым. Алға қойылған мақсаттарым болғаннан шығар, қорқыныш сезімін сенімділікке айналдырдым. Колледжді бітіргеннен кейін жоғарғы оқу орнына түсемін деп өзіме мақсат қойдым. Ақтөбеде сырттай оқып, жұмысты жалғастырамын деп ойлады. Алайда, басқа елге барып, оқуды жалғастыру туралы ой келді. Мәскеудегі үлкен әпкем оқуға Мәскеуге кел деген ұсыныс берді. Бұл жайында ата-анаммен ақылдасып, сұранысқа ие болатын мамандық игеремін деген оймен, Мәскеуге оқуға түсуге шешім қабылдадым. Осылай Мәскеу авиациялық институтына «Ғарыш ұшу аппараттары және үдеткіш блоктар» («Космические летательные аппараты и разгонные блоки») мамандығына 2009 жылы түстім.

мамандығына 2009 жылы түстім.

- Сіз негізінен бір орында тоқтап қалмайтын, әрдайым ізденісте жүретін жандардың бірісіз. Ал өзге елде жүргенде де бұл қабілетіңіз сізге көмегін тигізді ме? Шет мемлекетте өзіңізді қалай сезіндіңіз және алдыңызға қандай принциптер қойдыңыз? Қандай іспен айналыстыңыз?

- Әрине көмегін берді, орыстарда «Движение – это жизнь» деген мәтел бар емес пе, ізденістің арқасында талай қызықты адамдармен таныстым. Әрқайсысынан өзіме керекті дүние мен білімін алдым. Ең басты принцип әрине оқуды жақсы бітіру болды. Басқа мамандыққа түскен соң, оқу қиынға түсті. Сонымен қатар өзге елде және үлкен қалада жүргендіктен бағыт-бағдар жасау қиын болды. Бірақ, көп ұзамай бәрін үйреніп алдым, Мәскеуде оқитын басқа қазақстандықтармен таныстым. Ресейдегі қазақстандық студенттердің бірлестігінің белсендісі болдым. Студенттермен бірігіп, қазақстандықтардың арасында талай спорттық, мәдени іс-шаралар өткіздік. Осындай шаралардың арқасында, Мәскеуліктерді қазақтың мәдениетімен таныстырдық.

- Мәскеудегі оқуды аяқтағаннан кейін елге қайтамын деген ойға қалай келдіңіз? Ресей мемлекетінде қаламын деген ойлар болды ма? Себебі ол жақта қалсаңыз оқыған мамандық бойынша жұмыс табу оңайға түсетін еді.

- Мәскеуге оқуға түсер алдында, оқу бітіргесін өз еліме қайтамын деген оймен бардым. Бұл шешімді ойланбастан қабылдадым. Себебі «Жат елдің жақсысы болғанша, Өз еліңнің сақшысы бол» деген мақал-мәтелді өзімнің ұстанымым етіп қабылдадым. Сондықтан болар Мәскеуде қаламын деген ойлар болған жоқ. Осылай оқуды аяқтағаннан кейін өзімнің туған еліме, жеріме қайта оралдым.

- Қазіргі кезде сіз өзіңіздің оқыған мамандық бойынша жұмыс істемейсіз. Бұған не себеп болды? Қазіргі атқарып жатқан жұмысқа қалай келдіңіз?

- Елге оралған соң, мамандық бойынша жұмыс таба алмадым. Сол себепті Ресей мемлекетінен біраз тәжірибе жинаймын деген оймен Мәскеуге қайта бардым. Алайда менің оқыған мамандығым бойынша өзге елдің адамдарын қабылдамайтын болған соң, көп ұзамай Қазақстанға оралып, жұмыс іздей бастадым. Мамандық бойынша жұмыс болмағандықтан 2016 жылы Нұр-Сұлтан қаласына (Астанаға) келіп, мемлекеттік қызметке жұмысқа орналастым. Қазіргі уақытта да осы қызметте жұмыс істеп жүрмін.



- Өзіңіздің атқарып жүрген жұмыс өзіңізге ұнайды ма? Әлде кезінде оқыған мамандық бойынша жұмыс істейтін ойыңыз бар ма? Алға қойған мақсаттарыңыз қандай?

- Әрине ұнайды. Оқыған мамандық бойынша жұмыс істеу ойда болды. Алайда атқарып жүрген жұмысым өте маңызды болып табылады. Мен үшін туған елімнің өркендеуі ең басты мақсат. Сол үшін қазіргі таңда барлық білімім мен күш - жігерімді барынша салудамын.

- Ал егер сізге 16 жасар бала Ғаппас кезіне қайтып келесіз десе, өміріңізде нені өзгертер едіңіз және бала Ғаппасқа қандай ақыл-кеңес берер едіңіз?

- Жоқ, ештеңені де өзгертпес едім. Бірақ кеңес ретінде ең бастысы еш қиындықтан қорықпа, білмеген затыңды біліп ал, қызықты адамдармен таныс және сөйлес, өзіңнің ой-өрісіңді дамытумен айналыс дер едім.

- Өңгімеңізге рахмет.

Өңгімелескен: Назым Мәлікқызы  
1-курс студенті

## ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ

## «Наурыз» деп қойыпты атап жылдың басын

Бала күннен қалған бір әдетім бар. Наурыз көже ішер уақытты асыға күтемін. Иә, әңгіме Өз-Наурыз жайлы. Еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін осы мерекені күтуді әдетке айналдырған біздің қазақта. Олай дейтінім күн мен түннің теңелер шағы күллі әлем үшін жаңа бір кезеңнің бастауы іспетті. Күн ұзарып, күн жылына бастайды. Ағаштар бүршік атып, жердегі шөптер қылтып, малдар төлдейді. Қарлар еріп, жылғалардан су аға бастайды. Құстар қайта оралып, жер беті жаңарады. «Жаңа күн» дейміз бұл сәтті. Осы бір жаңа күнге ұрыс-керіссіз кіру үшін ренжіскендер татуласады. Бір-бірін қонақ етіп, сүрленген еттер шығарылып, қазан көтеріледі. Міржақып Дулатовтың сөзімен айтсақ: «Орыста мейрам көп, қазақта айран көп. Мұсылман жұрттарына ортақ екі рет келетін ораза, құрбан айттарын есепке алмағанда, бізде жалғыз мейрам бар, ол Наурыз».

Наурызды атап өтудің дәстүрлі атрибуттарымен (көрісу, көже, ұйқыашар, самалық айту, дір еткізер, селт еткізер т.б.) қатар әр аймақтың да өзіне тән рәсімдері бар екен. Мәселен: Шыңжаң қазақтарында он екі бала әр жылдың атына бөлініп: тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз болып бетперде (маска) жасап, жылан болып ысқырып, ит болып үріп, сиырша мөңіреп, қойша маңырап, жылқыша кісінесіп, әр жыл бір-бірімен айтысқан. Жалпы қазақта өзен айтыс, тау айтыс тағы басқа айтыс түрлері бар дегенді де құлағым шалып қалғаны бар еді. Осындайдан шықса керек-ті. Сондай дәстүрдің бірі «ұйқыашар» деп аталады. Ауыл қыздары өздері жақсы көрген жігіттеріне арнап, соғымның қалған етін уызға салып пісіріп, «ұйқыашар» деп аталатын тамақ дайындайды. Мұндайда жігіттер жағы да қапы қалмайды. Оларда ұнатып жүрген қыздарына жүзік, айна, тарақ,

иісмай секілді бұйымдар сыйлайды. Айна-пәктік пен жастықтың, тарақ-әдімділік пен сұлулықтың, иісмай- бүршігін жаңа жарған жауқазындай құлпырудың, күміс жүзік тазалықтың белгісі. Мұны түсіне қойған қыздар қауымы «селт ете» қалады. Бұл дәстүр қазақ салтында «селт еткізер» деп аталады.

Наурыз наурыз көжесіз (кейбір аймақтарда көп көже) өткен емес. Ер-теректе Наурыз мейрамында ауылдың тайқазанына әр үй өзінің жеті түрлі тағам қосып пісірілген көжелерін құйып, сонда 30-50 тамақ қоспасынан наурыз көже шығады. Көп көже аталуының бірден-бір себебі осы. Бұл аспаздық жұмыстың бәрін елге қадірлі, ауылға белгілі әйел-бәйбіше атқарады. Қазанды иесіне қайтарғанда әбден жуып, түбіне міндетті түрде піскен тағам (бауырсақ, тоқаш, ет) салып, құлағына ақтық байлап қайтарады, өйтпесе «қазан өкпелейді», «қазан шамданады» деп ырым қылады. «Өкпесі қазандай» дейтін тіркестер осыдан шыққан. Қазақтың осындай түсініктерінің бірі астрономияға келіп саяды. Жаңа жылда Күннің көзі көрінген уақыттан кейінгі екі сағат уақыт «күн сәті» деп аталады деседі. Егерде кімде-кім Ұлыс күнінің күн сәтінде күн шұғыласын маңдайымен тосып, қарсы алса, оған Наурыздың құты дариды деп сенеді. Күнге иіліп сәлем беретіндерде табылады. Дәстүрдің тағы бір түрі аузы дуалы қариялар мен ел басқарған көсемдер Наурыз мейрамы үстінде ұрпақтары ұмытпай айта жүретін аталы, ұлағатты бір сөз артына қалдыратын дәстүрі болған екен. Бір күн ойланып, ойлы сөз таппаған адамды, көп алдында айыптап, тіптен ағынды суға лақтыратын болған. Осындай сынға ұшырап, қанша ойланса да жүйелі сөз айта алмаған бір батыр суға лақтырылар тұста аузынан «Көп қорқытады, терең

батырады» деген сөз шығып, аман қалған деседі.

Халық санасында қалған таным түсініктің бірі Қызыр күту. Оның шығу тегі мынадай екен. Наурыз кезінде Қызыр мен Ілияс кездесіп, үйлерді аралайды екен. Жұрттың арман-тілегін Хаққа жеткізеді, үйлерге береке дарытады деседі. Сол күн ұйықтамай, дастарқан жайып, тілек тілеп отырған адамның тілегі бірден қабыл болады. Жұрт топтасып күтіп отырса, олардың достықтарын нығайтады. Жаббар Хақ та бұл күні Ібілісті тұсаулап, тағдыр тақтасын ашып қояды екен. Қаламға бұйырып:

- Кімнің адал тілегі болса, орында. Пешенесіне арман-мақсатының орындауын жаз,- деп әмір етеді екен.

Қазақтар 22 наурыз түнін ақ дастарқан жайып күтеді. Кімнің дастарқаны толы болса, ырысы да сондай толы болады деп сенеді. Тағы бір аңыздарда Қызыр мен Ілияс ақтан істелген тағамдарды жақсы көреді екен. Сондықтан дастарқанға айран, сүт, құрт, май молынан қояды. Түркі танымында наурызды «Қызыр Еллез» байрамы, яғни «Қызыр Ілияс» мейрамы деп тойлайды екен.

Сөзімді түйіндей келе барша баршаңызды осынау Ұлыстың ұлы күні өз-Наурыз мерекесімен құттықтаймын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Күллі Түркі әлеміне бақ-береке мен ырыс-құт тілеймін! Жаңа жылда қазір белең алып тұрған індетті аман-есен жеңіп шығуды нәсіп етсін!

Ұлыс оң болсын,  
Қайда барсаң жол болсын!  
Ұлыс бақты болсын,  
Төрт түлік ақты болсын!  
Ұлыс береке берсін,  
Бәле-жала жерге енсін!

**Ағайша АЛПЫСБАЕВА,**  
1-курс студенті

## СЕЗІМІМДІ ЖЕТКІЗЕР «СЕЛТ ЕТКІЗЕР», ҚОШ КӨРСЕҢ, ҰЯҢ СҰЛУ, «ҰЙҚЫАШАР» БЕР!

Қазақ халқы үшін, жалпы наурызды тойлайтын барлық шығыс халықтары үшін ұлыстың ұлы күні, өз ерекшелігімен әйгіленеді. Наурыз бұл елдің қыстан аман шығып, жаңа жылды қарсы алатын мерекесі ғана емес, жастардың көкірегіндегі махаббат атты ұлы сезімнің бүр жаратын шағы. Ертеде наурыздың 21-нен 22-не қараған түні қыз-жігіттер түнімен көз ілмей арайлап атқан ақ таңды, шуағын шашып бой көтерген алтын күнді алғашқылардың бірі болып көруді жақсылыққа жорыған.

Қариялар тәңірден дұға тілеп, босаға аттаған жаңа жылдың жайлы, дастарханның майлы болуын, ел-жұртың аман, тыныш заман болуын дұға тілектеріне арқау етсе, жастар түн демей алтыбақан теуіп, қыз-жігіттер бір-бірімен ойнап-күліп, ақ дастарханның басында емін-еркін жайғасып, ән-жыр айтып, осы бір көңілді де көрікті түнде бір-біріне көңіл ауған қос ғашықтар сезімдерін білдіріп, қыздар болса көңілі ауған «серісіне» емеурін білдіру үшін тәтті-дәмді тағамдарын әзірлеп, мұндай ырду-дырду түнде ұйқы түгілі шаршауды да ойламаған жігітке «ұйқыңды аш» деген сылтаумен



«ұйқыашар» ұсынады.

Ару тарапынан көрсетілген қошеметке жігіттің бей-жәй қарауы екіталай. Сондықтан оларда қарап қалмай «селтеткізер» деген ниетпен әлгі аруға айна-тарақ, алқа-моншақ, шолпы-шашбау сыйлайды, бұның астарында жастардың риясыз сезімдері мен пәк махаббаты жатыр. Осылайша күн мен түннің теңелген шағында, жігіт пен қыздың жүректері тоғысып, болашақта үлкен отбасы құруға алғашқы қадам жасайды.

Бұл кәдені ақын Ғабиден Қожахмет былай жырлаған:

Оянғандай жақсылық сенім үміт,  
Қарсы алама наурызын елі күліп.  
Сыйластығын білдіріп сұлуларға,  
«Селтеткізер» жасасын сері жігіт.  
Ғашықтарға бөгет жоқ жану барда,  
Жетелесін арманы аруды алға.  
Сергек болсын серінің сенімі деп,  
